

Н.И. ДҮЙСЕНОВА, Н.М. МУХИТДИНОВ, Б.Қ. ЕСҚАЛИЕВА, Б.М. ТЫНЫБЕКОВ

ECHINOPS ТҮҮСҮНЫҢ ECHINOPS SPHAEROCEPHALUS L. ЖӘНЕ E.CHANTAVICUS TRAUTV. ТҮРЛЕРІН ФИТОХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы)

Алғаш рет *Echinops sphaerocephalus* L. және *Echinops chantavicus* Trautv. түкімдарының морфо-анатомиялық құрылышы және фитохимиясы анықталды. Зерттеу нәтижелері бұл түрлерде негізгі биологиялық белсенді заттар: алкалоидтар, флавоноидтар, амин-, май қышқылдары және С дәруменінің болатындығын көрсетеді.

Республика флорасында халықтық емде қолданылатын 700-ден астам дәрілік өсімдік түрлері бар [1]. Мұндай мол дәрілік шикізат қорының бүтінгі таңда 84 түрін егістік жағдайда есіріп, тұ-ракты агроценоздан сапасы жоғары бірынғай шикізат алуға болатындығы белгілі [2]. Ал осындаған шикізат қорының қазіргі дәрілік препараттар даярлауға тек 45 түрі ғана пайдаланылады. Біздін ойымызша – бұл келенсіздіктің бас-

ты себебі дәрілік өсімдік түрлерінің жалпы биологиялық және фитохимиялық зерттелуіне мемлекеттік тұргыдан жет-кіліксіз көңіл бөлінбейінде және биолог-ботаниктер мен фармаколог, химик мамандардың ғылыми зерттеулерінің үйлесімді жүргізілмеуінде.

Мақаладағы сөз болғалы отырған *Asteraceae* түкімдасының дәрілік түрлері өткен ғасырдың 60–70 жылдарында бірлі-жарымының ғана биология-

лық ерекшеліктері және фитохимиясы зерт-телген [3]. Онан кейінгі осы бағыттағы зерттеулер өткен ғасырдың сонынан бастап бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда [4, 5, 6, 7]. Бұл ғылыми зерттеулердің алғашқысы мен соңғыларының аралығы 25-30 жылды қамтиды.

Қазіргі таңда дәрілік өсімдіктердің фитохимиясын зерттеу жұмыстары Орталық Қазақстанда (Қарағанды) ұйымдастырылған КРҒА фитохимия институтының ашылуымен жаңданды. Фитохимиялық зерттеулердің әдістемелік бағытын Қазак Ұлттық университетінің химия факультетіндегі органикалық химия және табиги қосылыстар химиясы кафедрасының ұжымы негізін салуда.

Мақалада *Asteraceae* тұқымдасы *Echinops* туысының дәрілік түрлерінің (*Echinops sphaerocephalus L.* және *E.chantavicus Trautv.*) емдік мақсатта қолданылатын тұқымына жасалған фитохимиялық сараптаманың нәтижелері баяндалады. Өйткені Республикада бұл туыстың түрлеріне бұрын-соң-ды осы түргідағы зерттеулер жүргізілмеген.

Жұмыстың мақсаты: *Asteraceae* тұқымдасының екпе жағдайда (Алматы облысы) есірілген *Echinops sphaerocephalus L.* және *E.chantavicus Trautv.* түрлерінің емдік мақсатта пайдаланылатын тұқымындағы биологиялық белсенді заттарының сапалық және сандық мөлшерін анықтау.

ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТИСІ МЕН ӘДІСТЕРИ

Зерттеу объектісі ретінде *Echinops* туысының жұмырбас лақса (*Echinops sphaerocephalus L.*) және хантау лақса (*Echinops chantavicus Trautv.*) түрлері алынды.

Белгілі әдістер [8, 9] бойынша шикізаттың сапалылығы (ылғалдылығы, экстрактивті заттары, күлділігі) және биологиялық белсенді заттарына сандық, сапалық сараптама жасалды.

Сапалық құрамды зерттеу үшін қағазды және жұка қабатты хроматография әдістері мен бутанол-сірке қышқылы-су (40:12,5:29) еріткіштер жүйесі; шикізат құрамындағы алкалоидтар мен flavonoid қосылыстарының сандық мөлшерін анықтау үшін спектрофотометрия (СФ-26 спектрометр аппаратын-

да), бос амин қышқылдарының мөлшерін фотоколориметрия (ЛМФ-72 фотоэлектроколориметр), С дәрүменін анықтауға титриметрия әдістері [8, 9] колданылды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Бұл түрлерді фитохимиялық зерттеуге толық пісіп жетілген сапалы тұқымдары жиналды. Тұ-қымшалары ұзынша пішінді, базальды ұшы жалпақ, төменгі жағы жінішкерген, сырты сарғыш, майда түкті. Айдаршасы қабыршақты, төменгі жағы біріккен, жоғарғы жағы бос қылтанақты [10].

Тұқымшасының жемиссері (перикарпий) шартты түрде үш қабаттан (экзокарпий, мезокарпий, эндокарпий) түзілгенімен, олардың үшесі де мейлінше әлсіз жетілген. Экзокарпий қабаты жұқа, 1-2 қатарлы өлі клеткалардан тұрады. Сондықтан кара-кошқыл түсті. Мезокарпий қабатымен арасы айқын ажыратылған.

Мезокарпий қабатының клетка қабықшалары орташа қалындаған, өзара тізбекті, тығыз орналасқан екі қатарлы паренхимадан түзілген.

Ішкі эндокарпий қабаты барынша әлсіз, жұқа қабықшалы, бір қатарлы тірі клетқадан тұрады. Тұқымжарнақ тұқымның ішкі бөлігін түгел толтырады. Ал жеке жарнақтарының аралығы ай-қын болінген. Тұқымжарнақ эпидермисі айқын, клеткалары бір қатарлы, дөңгелек пішінді, жұқа қабықшалы, тығыз орналасқан. Коректік заттары негізінен тұқымжарнаққа жинақталған. Тұқым эндосперміз типті. Екі түрдің тұқымдарының морфологиялық және анатомиялық құрылышының салыстырмалы көрсеткіші 1-кестеде берілген.

Тұқымдар күн көзі түспейтін, температурасы 23-25°C бөлмеде кептірілді. Сапалық және сандық сараптау жасау үшін тұқымдар диаметрі 0,5 см електен өтетіндегі ұнтақталды.

Әдеби мәліметтерге [11, 12, 13] қарағанда *E. sphaerocephalus* және *E.chantavicus* емдік мақсатта қолданылатын тұқымында көп мөлшерде алкалоид болатындығын Зонненштейн реактивіне жасыл-сары түс беруі дәлелдейді. Бірақ бізге дейінгі әдебиеттегі мәліметтер [11, 12, 13] бо-йынша бұл өсімдіктердің

1-кесте. *E. sphaerocephalus* және *E.chantavicus* тұқымдарының морфологиялық-анатомиялық көрсеткіштері

Өсімдік аты	Морфологиялық сипаттамасы			Анатомиялық сипаттамасы (ұлғайтылуы 15x40)		
	Ұзындық, мм	en, мм	1000 дана салмагы, г	экзокарп қалыңд, мкм	мезокарп. қалыңд, мкм	эндокарп қалыңд, мкм
<i>E.sphaerocephalus</i>	10,25±0,16	2,33±0,12	18,02±0,3	117,87±1,1	99,64±0,9	111,86±1,7
<i>E.chantavicus</i>	9,93±0,24	2,02±0,11	19,11±0,2	113,17±0,9	98,05±1,9	107,87±1,6

2-кесте. *E. sphaerocephalus* және *E. chantavicus* өсімдіктері тұқымдарының сапалық құрамы және биологиялық белсенді заттарының негізгі топтарының сандық мөлшері (%)

№	Сапалық сараптау	Өсімдік атауы	
		<i>E.sphaerocephalus</i>	<i>E.chantavicus</i>
1	ылғалдылығы	3,31	3,3
2	экстрактивтілігі	31,03	21,72
3	күлділігі	3,8	2,4
4	алкалоидтар	4,29	6,19
5	флавонойдтар	2,7	0,1
6	аминқышқылдар	0,49	0,38
7	C дәрүмені	0,06	0,04


тұқымында флавонойд қосылыстары жоқ болғанымен, AlCl_3 реагентіне ашық сары тұс; аммиак бұйна сары тұс; FeCl_3 1% ерітіндісіне күлгін тұс беруінде флавонойд қосылыстарының нақты болатындығын көрсетеді. Сонымен бірге 1% нингидрин реагентіне әсері амин қышқылдарының бар екендігін сипаттайды. Зерттеу жұмыстарының мәліметтері төмендегі 2-кестеде көлтірілді.

2-кестеде көлтірілген мәліметтер бір туыстың бұл түрлерінің ылғалдылық мөлшері бірдей, ал 70% сұлы спирттегі экстрактивті заттарының жұмырбас лаксада (31,03%) хантау лаксамен салыстырылғанда көп болуы (21,72%) биологиялық белсенді қосылыстарының көп болатындығын көрсетеді.

Кестеде көрсетілгендей *E. sphaerocephalus* шикізатына қарағанда *E. chantavicus* өсімдігінде ал-

3-кесте. *E. sphaerocephalus* және *E. chantavicus* тұқымындағы май қышқылдарының сандық қорсеткіші (%)

№	Май қышқылдарының аталуы	Белгіленуі	<i>E.sphaerocephalus</i>	<i>E.chantavicus</i>
1	Миристин	$\text{C}_{14:0}$	0,2	0,3
2	Пентадекан	$\text{C}_{15:0}$	0,2	0,2
3	Пальмитин	$\text{C}_{16:0}$	16,5	16
4	Стеарин	$\text{C}_{18:0}$	3,9	3,7
5	Олеин	$\text{C}_{18:1}$	22,6	22,8
6	Линолен	$\text{C}_{18:2}$	57	57



1-сурет *E. sphaerocephalus* (А) және *E. chantavicus* (Б) тұқымының май қышқылдық құрамы

калоидтар мөлшері 1,5 есе жоғары болса, ал флавоноидтардың сандық көрсеткіші керісінше екіншімен салыстырғанда бірінші өсімдікте көп мөлшерде (2,7 пайыз) болады. Сол сияқты амин қышқылдарының (0,49%) да, С дәруменінің (0,06%) де сандық пайызы *E. sphaerocephalus* өсімдігіндегі жоғары екендігі анықталды.

Өсімдік шикізатында май қышқылдарының болуы өсімдіктегі липидтердің гидролизіне байланысты. Май қышқылдарының глициридтері физиологиялық белсенді болып табылады. Бұл қышқылдар ағза тіршілігі үшін маңызды роль атқарады. Алынған өсімдіктер шикізатында көп мөлшерде шыны майы болғандықтан май қышқылдары құрамы «CARLO ERBA-4200» газды хроматограф аппаратында анықталды. Зерттеу нәтижелері төмендегі 3-кестеде және 1-суретте берілді.

Зерттеліп отырған екі өсімдіктің май қышқылдарының сандық мөлшерінде айтарлықтай айырмашылықтар жок. Май қышқылдарының басым белгігін қанықлаған май қышқылдары құрайды. Олардың ішінде олеин және линолен қышқылдары көп мөлшерде кездеседі.

1. Қазақстанда алғаш рет *Echinops* туысының жұмырбас лақса және хантау лақса түрлерінің дәрілік мақсатта колданылатын тұқымдарының морфологиялық-анатомиялық ерекшеліктері және биологиялық белсенді заттары анықталды.

2. Осы өсімдіктердің сапалылығы (ылғалдылығы, экстрактивті заттары, кулділігі), алкалоидтар, амин қышқылдары және С дәруменінің сандық мөлшері зерттелінді.

3. Алғаш рет тұқымында флавоноид қосы-лыстары бар екендігі белгілі болды.

4. Тұнғыш рет *E. sphaerocephalus* және *E. chantavicus* шикізатының май қышқылдары құрамы анықталды.

ӘДЕБІЕТ

1. Мухитдинов Н.М., Паршина Г.Н. Лекарственные растения. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 313 с.
2. Лекарства из растений. Под редакции академика АН РК Н.Д. Беклемешева. – Алматы: Мектеп, 2002. – 206 с.
3. Синицин Г.С. Новые лекарственные растения Казахстана. – Алматы: Наука, 1982. – 128 с.
4. Султангазина Г.Ж. Ботаническое и фитохимическое исследование *Raphonticum carth.* *Raphonticum serratuloides* в условиях Центрального Казахстана: автореф. дисс. на соиск. степ. канд.биол.наук. – Алматы, 1997. – 22 с.

5. Қекенов М.К., Әдекенов С.М., Рақымов Қ.Д., Исамбаев Ә.И., Сауранбаев Б.Н. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 99-100 б.

6. Мухитдинов Н.М., Мамурова А.Т., Бурашева Г.Ш., Есқалиева Б.Қ. *Inula macrorhyla* Kar. et Kir. және *Inula helenium* L. өсімдіктеріндегі биологиялық белсенді заттар мөлшері // КР YFA Хабарлары: биология және медицина сериясы, 2006. №6. – 39-42 б.

7. Курбатова Н.В. Ботанико-фитохимическое изучение видов р. *Marrubium* в условиях предгорной зоны Заилийского Алатау: Автореф.дисс. на соиск. канд. биол.наук. – Алматы, 2005. – 24 с.

8. Музычкина Р.А., Корулькин Д.Ю., Абилов Ж.А. Качественный и количественный анализ основных групп биологически активных веществ в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах. – Алматы, 2004. – 288 с.

9. Государственная Фармакопея СССР. Вып.2. Общие методы анализа. Лекарственное сырье. МзСССР. 11-ое изд.доп. – Москва: Медицина, 1989. – 400 с.

10. Артюшенко З.Т., Федоров Ал.А. Атлас по описательной морфологии высших растений (плод). – Ленинград: Наука, 1986. – 362 с.

11. Растительные ресурсы СССР: цветковые растения, их химический состав, использование. Семейство Asteraceae (Compositae). – Санкт-Петербург: Наука, 1993. – С. 110-112.

12. Муравьева Д.А. Фармакогнозия. Москва: Медицина, 1991. – С. 354-355.

13. Кортиков В.Н., Кортиков А.В. Секреты целебных трав. Популярная энциклопедия. I том. Травы. – Минск: Белмаркет, – 1997. – С. 296-297.

Резюме

Впервые изучено морфо-анатомическое строение и проведено фитохимическое исследование семян *Echinops sphaerocephalus* L. и *Echinops chantavicus* Trautv. В результате показано, что в этих видах имеются основные биологически активные вещества, такие как алкалоиды, флавоноиды, амино-, жирные кислоты и витамин С.

Summary

In the first time study morphological and anatomical structure and phytochemical investigation of seeds of *Echinops sphaerocephalus* L. and *Echinops chantavicus* Trautv. It was shown, that in these species contained biologically active compounds: alkaloids, flavonoids, amin- and fat acids and vitamin C.